

Уақытша тауарлар әкелуге (әкетуге) кеден режимін қолданудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 наурыз N 342. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 668 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Кеденнің уақытша әкелу (әкету) режиміне жатқызуға болмайтын тауарлар тізбесі бекітілсін (1-қосымша).
2. Кеден бажы мен салығын төлеуден босатылған, уақытша әкелінетін (әкетілетін) тауарлар мен көлік құралдарының тізбесі бекітілсін (2-қосымша).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 6 ж ы л ғ ы
2 5 н а у р ы з д а ғ ы
N 3 4 2 қ а у л ы с ы н а
1 қосымша

Кеденнің уақытша әкелу (әкету) режиміне жатқызуға болмайтын тауарлар ТІЗБЕСІ

1. Шығындалатын материалдар мен үлгілер, шикізаттар, жартылай дайын өнімдер, бұйымдарды жинақтайтын босалқы бөлшектер (олар уақытша әкелінген көлік құралдары үшін арналмаған болса).

2. Тамақ өнімдері, сусындар, алкогольді ішімдіктерді қоса, темекі бұйымдары , жарнамалық немесе көрсету мақсаттарында бір данадан уақытша әкелу (әкету) ж а ғ д а й л а р ы н қ о с п а ғ а н д а .

3. Әкетуге және әкелуге арналған квоталанған тауарлар.

4. Өнеркәсіп қалдықтары.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 6 ж ы л ғ ы
2 5 н а у р ы з д а ғ ы

Кеден бажы мен салығын төлеуден босатылған, уақытша әкелінетін (әкетілетін) тауарлар мен көлік құралдарының ТІЗБЕСІ

1. Халықаралық ауыр жүктер, жүктер мен жолаушылар тасымалына пайдаланылатын көлік құралдары, контейнерлерді, көлік құралдарымен бірге әкелінетін (әкетілетін) немесе уақытша әкелінген (әкетілген) көлік құралдарын жөндеуге арналған босалқы бөлшектер мен басқа да көлік құралдарын қоса.

Акцизделуге жататындарды қоспағанда, мемлекеттік сыртқы заемдар қаражатынан қаржыландырылатын және Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде пайдаланылатын көлік құралдары.

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.09. N 1689 қаулысымен

2. Кәсіптік жабдықтар (тауарлардың өнеркәсіптік өндірісі, тауарларды тасымалдау, табиғи ресурстарды пайдалануға беру, құрылыстар, үй-жайларды, құрылыстар мен ғимараттарды жөндеу мен ұстау, тауарларды буып-түю, жер қазу жұмыстары үшін пайдаланылған жабдықтардан басқа және басқа сол сияқты жабдықтар) және (көмекші аппараттарды, керек-жарақтар мен материалдарды қоса), шетелдердің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғаларына тиесілі. Қазақстан Республикасының аумағында нақты жұмыстарды орындау үшін әкелінетін (әкетілетін) құрал-саймандар.

Уақытша әкелінген (әкетілген) кәсіптік жабдықтар мен құрал-саймандарды жөндеуге арналған босалқы бөлшектер.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген айрықшалықтар мемлекеттік сыртқы заемдар қаражатынан қаржыландырылатын және Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде пайдаланылатын кәсіби жабдыққа қолданылмайды.

Ескерту. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.09. N 1689 қаулысымен

3. Көрмелерде, жәрменкелерде, конкурстарда, съездерде, симпозиумдарда, семинарларда, халықаралық кездесулер мен сол сияқты шараларда көрсетуге арналған тауарлар (өндірістік немесе коммерциялық қызметті жүзеге асыратын, әкелінген (әкетілген) тауарларды сату мақсатында өткізілетін жерлердегі көрмелерден басқа).

Көрсету кезінде не болмаса халықаралық кездесулер, конференциялар мен

конгрестер барысында пайдалануға арналған көмекші құралдар мен материалдар.

4. Ғылыми-зерттеу және оқу мақсаттарына арналған құралдар мен материалдар, сондай-ақ осы жабдықтарды жөндеуге, дайындау мен бақылауға арналған босалқы бөлшектер мен құрал-саймандар, аталған жабдықтар, материалдар, босалқы бөлшектер мен құрал-саймандар шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасының меншігінде қалған жағдайда және оларды пайдалану табыс табуға арналмаған болса.

5. Шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) теңіз кемелері экипаждары өмірінің (яғни мәдениет, білім, демалыс, діни және спорт салаларында) әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға арналған материалдар, егер мұндай материалдар шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасының меншігінде қалса және оларды пайдалану табыс табуға арналмаған болса.

6. Мемлекеттік органдар мен мекемелерге уақытша пайдалану мақсатында табиғи зілзалалар, авариялар мен апаттардың зардаптарын жою үшін қайтарусыз берілген тауарлар.

7. Контейнерлер (осы контейнер үшін қажетті керек-жарақтар мен контейнермен бірге әкелінетін (әкетілетін) және олармен бірге, жеке немесе басқа контейнермен бірге қайтарылатын немесе жеке әкелінетін (әкетілетін) және контейнермен бірге қайтарылатын жабдықтарды қоса), сондай-ақ уақытша әкелінген (әкетілген) контейнерлерді жөндеуге арналған босалқы бөлшектер.

8. Астыңғы жапқыштар.

9. Өзге де көп айналымды ыдыстар мен буып-түйюлер.

10. Егер олар шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасының меншігінде қалған жағдайда және осы үлгідегі тауарларға тапсырыстар алу үшін ғана үлгілер және оларды пайдалану табыс табуға арналмаған болса, бірыңғай үлгілер саны екі данадан аспайды.

11. Жарнамалық материалдар (каталогтар, прејскуранттар мен коммерциялық жобалар) бір данада немесе жалпы брутто салмағы бір килограмнан аспайды.

12. Тауарлардың қасиетін немесе іс-әрекетін ашатын жарнамалық фильмдер, егер бұл фильмдер шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасының меншігінде қалған жағдайда, шетелге (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) қатысты болса, шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасы ұсынса, мүмкін сатып алушыларға көрсету үшін ғана лайық, егер аталған жарнамалық фильмдер бір данада әкелінген (әкетілген) жағдайда және оларды пайдалану табыс табуға арналмаған болса.

13. Сынақтар, тексерулер, эксперименттер өткізуге арналған тауарлар, егер

оларды пайдалану табыс табуға арналмаған болса.

14. Уақытша және мәліметтерді автоматты өңдеуге пайдалануға берілген цифрлы ақпараттарды таратушылар.

15. Медициналық, хирургиялық немесе лабораториялық жабдықтарды уақытша пайдалану үшін қайтарусыз берілген, емдеу және басқа медициналық ұйымдар мен мекемелердің диагностикалық, хирургиялық немесе терапевтік мақсаттарға пайдалануға арналған және шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасының меншігінде қалатын жабдықтар.

16. Қазақстан Республикасы аумағындағы (одан тыс жерлерге әкеткен жағдайда) спорт жарыстарына, көрнекті спорт шараларына немесе жаттығуларға арналған тауарлар, егер мұндай тауарлар шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасының меншігінде қалатын болса.

17. Жаттықтыру, үйрету, зерттеу, ветеринарлық емдеу, тамақтандыру, сынақ жүргізу, құтқару операциялары, арнайы функцияларды жүзеге асыру, көрмелерге, конкурстарға, жарыстарға, демонстрацияларға, спектакльдерге, қойылымдарға және басқа да сол сияқты шараларға қатысу үшін, сондай-ақ медициналық мақсаттарда жұмыс көлігі ретінде (тиісті жабдықтармен бірге) Қазақстан Республикасының Кеден шекарасына шектес алқапта пайдалану үшін уақытша әкелінетін (әкетілетін) жануарлар, егер мұндай жануарлар шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасының меншігінде қ а л а т ы н б о л с а .

18. Театр (цирк) костюмдері, сахналық жабдықтар және басқа қойылымдар, спектакльдер мен сол сияқты шаралар өткізуге арналған театр (цирк) р е к в и з и т т е р і .

19. Фото-кино конкурстарында және сол сияқты шараларда көрсету үшін айқын бейнеленген кино-бейне фильмдер, диапозитивтер, фотосуреттер мен басқа да материалдар, егер оларды пайдалану табыс табуға арналмаса, шетелдің (қазақстандықтар әкеткен жағдайда) заңды және жеке тұлғасының меншігінде қ а л а т ы н б о л с а .

20. Астық, техникалық, май және басқа да дақылдар жинауға арналған комбайндар, фронтальдық, жабынды, тіркемелік жатқалар.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.23. N 1100 қаулысымен .